

БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының ЖОББМ»
КММ директоры
Г.С.Алиева 
«09» 09 2026 жыл

ДИРЕКТОРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- 2026-2027 оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесін, білім беру ұйымының қызметін ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады.
- Ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етудің жай-күйін талдайды.
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындау бойынша педагогтардың жұмысын, сондай-ақ қажетті құжаттарды әзірлеуді үйлестіреді.
- Педагогтердің қысқа мерзімді жоспарын тексереді, басшылыққа бекітуге келіседі және ұсынады.
- Білім беру үдерісіне жаңа тәсілдерді, тиімді технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді.
- Пәндер бойынша мектепшілік бақылауды ұйымдастырады және іске асырады, білім кесінділерін өткізеді, мектепшілік бақылаудың нәтижесі бойынша білім сапасын, бөлімдік және тоқсандық жиынтық (суммативті) бағалауды талдайды.
- Білім алушылардың оқу жүктемесін бақылауды жүзеге асырады, оқу сабақтарының, курстардың және жұмыс оқу жоспарының вариативті компонентінің сабақтарының кестесін жасайды.
- ҰБДҚ (Ұлттық білім беру деректер қоры) жүйесінде білім алушыларды толық есепке алуды, қайталануды болдырмау жолымен респонденттердің дұрыс емес ақпаратын анықтауды, білім беру ұйымдарының паспорттарын толтыруды, статистикалық деректердің тарихи қатарын қалыптастыруды бақылап, толықтырып отырады.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналы білім беру ұйымындағы оқушылар тізімі туралы өзекті ақпаратты, сыныптар мен сабақ кестелерін жүргізуін, күнтізбелік жоспарлар мен үй жұмыстарын, сабаққа қатысу мен үлгерім есебін, статистикалық есептемені, оқушылардың электрондық күнделігін қалыптастыруы мен жеке парақшаларының дұрыс толтырылуын қадағалап тексереді.
- Білім алушылар мен педагогтардың олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуын ұйымдастырады.
- Білім беру ұйымының пәндік әдістемелік бірлестіктері мен эксперименттік жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық жұмысты және оны талдауды қамтамасыз етеді.
- Педагогтердің тиімді тәжірибесін тарату бойынша шараларды жинақтайды және қабылдайды.
- Педагогикалық кадрларды іріктеуге қатысады.
- Тәлімгерлік, біліктілікті арттыру және біліктілік санатын беру (растау) бойынша жұмысты ұйымдастырады.
- Оқу-әдістемелік құжаттамаларды дайындау жөніндегі жұмысты бақылайды, оқу-жоспарлау құжаттамаларын жасауға қатысады.
- Озық педагогикалық тәжірибелерді анықтайды және қорытындылайды, оқытудың инновациялық-дамытушылық элементтерін, үздік жаңашыл педагогтардың жұмыс

- тәжірибелерін практикаға енгізуге, педагогикалық қызметкерлерге авторлық бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер әзірлеуге жәрдемдеседі.
- Білім процестері мен әдістемелік жұмыстардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.
 - Семинарлар, конференциялар, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарын өткізу жұмыстарын қадағалайды.
 - Ашық сабақтар өткізуді және оларды талдауды ұйымдастырады.
 - Оқу зертханалары мен кабинеттерді қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқытудың техникалық құралдарымен жабдықтау, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтыру бойынша ұсыныс береді және жұмысты жалғастырады, баламалы оқулықтарды іске асырады, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді алуға өтінімді ұйымдастырады, оның ішінде электрондық оқулықтар мен цифрлық ресурстарды қамтамасыз етуге атсалысады.
 - Белгіленген есеп беру құжаттамасының сапалы және уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді.
 - Кері байланысты ұсына отырып, педагогтердің сабағына қатысады және талдау жасайды.
 - Оқу процесін жетілдіру бойынша тренингтер, оқыту семинарларын, оқу-әдістемелік сағаттар өткізеді.
 - Педагогикалық кеңестің тәртібі мен материалдарын әзірлейді.
 - Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және тағы басқа қызметкерлер арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді.
- Педагогика және психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, үлгілік оқу бағдарламаларын, үлгілік оқу жоспарларын, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін.
- Менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын, сондай-ақ «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен жұмыс істеу ережелерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлаудан өткенін және соңғы 3 жылдан кем емес үздіксіз педагогикалық жұмыс өтілін растайтын құжат;
- Оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – қосымша "педагог – сарапшы" немесе "педагог – зерттеуші" немесе "педагог – шебер (мастер)" санатының болуы.

Таныстым: Омиртасова С.Ә. С.Ә.

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығының 1-тарау, 3-параграфына (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.